



құрастырды. (8) Жоқ олай емес, дінді өтіріксінесіңдер. (9) Негізінен сендерге әлбетте бақылаушылар бар. (10) Ардақты жазушылар, (11) Олар не істегендеріңді біледі. (12) Шын мәнінде ізгілер, әлбетте нығымет ішінде болады. (13) Негізінен бұзықтар, тозақта болады. (14) Олар қиямет күні тозаққа салынады. (15) Олар, одан ғайып бола алмайды. (16) Қиямет күннің не екенін қайдан білесің? (17) Я, қиямет күннің не екенің қайдан білесің (18) Ол күні, біреуге біреу қарайласуға еш нәрсе қолдан келмейді. Ол күні, әмір Аллаға тән. (28-С. 88-А.) (19)

## 82-ЫНФИТАР СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Он тоғыз аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Көк жарылған сәтте, (1) Жұлдыздар төгілген сәтте, (2) Теңіздер тасыған сәтте, (3) Қабырлар қопарылған сәтте, (4) Әркім ілгері не жібергенін, кейін не қалдырғанын біледі. (5) Әй адамзат! Ардақты Раббың туралы сені не алдады? (6) Ол сондай Алла, сені жаратты. Толықтап теңестірді. (7) Ол, сені қалаған бейнеде

## 83-МҰТАФФИФИН СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Отыз алты аят. Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын. Өлшеу, тартуда кеміткендерге нендей өкініш! (1) Олар қашан өлшеп алса, толық өлшеп алады да; (2) Қашан олар, өлшеп немесе тартып беретін болса; кемітеді. (3) Олар қайта тірілетіндіктерін ойламай ма? (4) Ол зор күн үшін; (5) Ол күні адамдар, бүкіл әлемнің Раббының алдында тұрады. (6)